

**"Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму Министрінің міндетін
атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 165 бұйрығына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 маусымдағы № 726 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 13 қазанда № 12165 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз!

«Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңы 212-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 165 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11125 болып тіркелген және 2015 жылғы 18 маусымда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай
т о л ы қ т ы р у е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары мынадай мазмұндағы 35-1-тармақпен толықтырылсын:

«35-1. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 61-4-бабында көзделген тәртіппен операция жүзеге асырылған жағдайда, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктер екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі ұйымның пайдасына құқықтарды (талаптарды) берген кезде кепіл ұстаушының өтініші негізінде тіркеледі.

Осы тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайда, кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарттың (тапсыру актісін немесе одан үзінді көшірмені қоса бере отырып), талап ету құқығын басқаға беру туралы шарттың нотариат куәландырған көшірмесі қоса беріледі.».

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік
к о м и т е т і (Ә . А . А с а в б а е в) :

1) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет
м и н и с т р л і г і н д е м е м л е к е т т і к т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға ж і б е р у д і ;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
И н в е с т и ц и я л а р ж әне д а м у
министрінің міндетін атқарушы А. Рау

« К Е Л І С І Л Д І » :

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ э к о н о м и к а м и н и с т р і
----- Е. Досаев

2015 жылғы 26 тамыз